

**Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты «Жол-көлік колледжі»
МКҚК-ның тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
Аналитикалық анықтама**

Шымкент қаласы

23.10.2024ж.

I. Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» «Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі Агенттігінің Төрағасымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласының Білім басқармасы «Жол-көлік колледжі» МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 23 қазаннан 23 қарашаға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2024-2025 оқу жылының соңы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы, 5-тармағына сәйкес ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» туралы бұйрығы негізінде Жол-көлік колледжінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін, ішкі талдау жүргізу мақсатында, Жол-көлік колледжі директорының 2022 жылғы 12 мамырдағы №676/і бұйрығымен «Жұмыс тобы» құрылып, бекітілген.

Оның бағыттары айқындалып, нақты объектілері белгіленді. Ішкі талдаудың өз уақытында және сапалы өткізілуі-жауапты қызметкерлерге жүктелді.

**Жол-көлік колледжінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша
жүргізілді**

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі (арыз-шағымдар немесе басқа да сұрақтар);
- Кадр бөлімі (жұмысқа қабылдау барысын бақылау мен қадағалау бойынша);
- Оқу бөлімінің жұмыстары;
- Талапкерлерді қабылдау қызметі;
- Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.

- Ауыстыру немесе қайта қабылдау үшін ата-анасының өтініштері тіркелген. Смартнейшн порталына толық енгізілген.

- Тегін тамақтануға категория бойынша әр баланың құжаттары талапқа сай дұрыс жинақталған. Ата-ананың өтініші, бөлім меңгерушісі мен топ жетекшісінің келісімдері қоса тіркелген.

Қорытынды:

Ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша белгіленген объектілер жұмысы талапқа сай жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмегендігі, сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болмағандығы анықталды.

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар:

-Азаматтардың (ата-аналар, білім алушылар, т.б. жеке тұлғалар) цифрлық технологияны әлі де, толық меңгере алмауынан (мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды форматта толық жүргізе алмауы) білім беру ұйымындағы мемлекеттік қызмет көрсету орталығына жиі жүгінетіндігі анықталғандықтан, қоғамда қарапайым халықтардың назарына «цифрлық құжат айналымдарының» жүргізілу тәртіптерін жарнамалау ісі үздіксіз жүргізілсе (халыққа таныстырылып отырса).

-Білім беру ұйымының өз қызметінде басшылыққа алатын номенклатуралық құжаттары (ҚР заңдары, ҚР білім және ғылым министрлігінің ережелері, нұсқаулары, т.б) сондай-ақ, білім мекемесінің жұмыстары бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жанарып отыруына байланысты, өзгерістерді өз уақытында ескеріп отыру.

Ескертпе:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат білім беру ұйымының ресми сайтында жарияланды.

Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобының төрағасы:



С.Алтынбеков

Ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобы:



Е.Абдираимов
С.Омарова
О.Нартбаев
Ф.Тургумбаева
Н.Сақбаева